

Ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын техникалық гимназия.
Ашық сабақтың тақырыбы:

- Қазақ әдебиеті
- 8 «А» сынып
- С.Сейфуллин «Аққудың айырылуы»

□ Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Базарбаев К.Б.

□ Атырау 2015 ж.

23 қаңтар 2015 жыл.

Сабақтың тақырыбы:

Сәкен Сейфуллин “Аққудың айырылуы”



Сабақтың эпиграфы:

“Ол өз елін сүйген. Ол нағыз ақын болған,
ал нағыз ақынның халқы өмір сүрсе, ол
да мәңгілік өмір сүреді ”.

Р. Сейсенбаев.



Сабақтың мақсаты:

- **Білімділігі:** Оқушыға ақын өмірі шығармашылығы жөнінде мағлұмат беру. Поэманың тақырыбын, идеясын ұғындыру. Шығарма мазмұны бойынша өз көзқарастарын білдіруге ықпал ету.
- **Дамытушылығы:** Оқушының таным қабілетін, белсенділігін арттыру. Ауызекі сөйлесу мәдениетін дамыту. Логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.
- **Тәрбиелігі:** Табиғаттағы әсемдікті, сұлулықты бағалай білу. Табиғатты қорғау. Адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуын ұғындыру. Мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.
- **Сабақтың түрі:** Пікірсайыс
Сабақтың типі: Бекіту
Сабақтың әдісі: Ой қозғау, топтастыру, дебат, эссе, автор орындығы
Көрнекілігі: Интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс: Орыс әдебиеті, музыка, шет ел әдебиеті, салт-дәстүр
Сабақтың барысы:
 - I Ұйымдастыру
 - а) сәлемдесу,
 - ә) тексеру,
 - б) зейінін сабаққа аудару.
 - 1) Қызығушылықты ояту.
 - а) Ой қозғау. – Балалар, біз Сәкен Сейфуллин туралы не білеміз?
 - Оның қандай шығармаларын білесіздер?
 - Біз танысқан шығармасы қандай еді?

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Оқушылардың өткен сабақта алған білімдерін пысықтау.

а) Біз XIX-XX ғасырлардың қандай ақын жазушыларымен таныстық?


б) **Топтық жұмыс.**

(Қысқаша мәліметті сызба бойынша толтыру.)



№	Аты-жөні	Кім болған	Өмір сүрген жылдары	Шығармалары
1	Абай (Ибраһим) Құнанбаев			
2	Шәкәрім Құдайбердіұлы			
3	Мағжан Жұмабаев			
4	Жамбыл Жабаев			

III. Жаңа сабақ мақсатымен таныстыру.

1. Сәкен Сейфуллин деген кім?
 2. Оның шығармашылығымен қашан таныстық?
 3. Оның қандай шағармаларын білесің?
- 

“Аққудың айырылуы” поэмасымен танысу

- Поэма деген не?
- Поэма жанрының басқа лирикалық жанрдан айырмашылығы неде?



Поэма - өлеңді повесть, өмірде болған не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желелі, эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттелген шығарма

Поэмада үнемі лирикалық кейіпкер болады

Сөздік жұмысы

маржан құмы, күміс суы – коралловый песок,
серебряная вода

ғажық жар – влюбленные

көркі еді – были украшением

аққу күйі саңқылдады – слышалась лебединая несня

жұбайына аққу келді – прилетел лебедь к паре

бір мезгілде қалт етті – вдруг, в какое-то время

жасыл ұшқын жарк етті –неожиданно блеснула искра

бұрк атылды – выстрелил

Күңіренді көл – огорчилось озеро

күйікке – к горечи

шықты шырқап биікке –поднялся высоко

төмен ағып – бросился лететь вниз

өлімді де сүйгенімен бір көрді –встретить смерть вместе
любимой

Поэманың талдауы

I. Кіріспе.

II. Екі аққудың кездесуі.

III. Мергеннің аққуды атуы.

IV. Жалғыз қалған аққудың қасіреті мен өлімі.



Топтық жұмыс

I топқа .

- 1) Көлді сипаттаған үзіндіні оқулықтан тауып, оқып бер.
- 2) Көлді мекен еткен аққу қандай?(Тірек сызба бойынша жауап бер)
- 3) Көлді тағы қандай құстар мекендейді?
- 4) Құстар қайтеді?

Қос аққу

II топқа: Екі аққудың кездесуі.

- 1) Бір мезгілде алыстан не естіледі?
- 2) Екі аққудың кездескен сәтін мәтіннен тауып оқып бер.
- 3) Кездескенде екі аққу қайтті?



Екі
аққу

III топқа: Мергеннің аққуды атуы.

- 1) Аққулар айрылып кеткен соң не болды?
- 2) “Суық жүрек” деп кімді айтады?
(суық жүрек деген сөздің синонимін табыңдар)
- 3) Аққуға атылған оқ немен теңелген?
- 4) Атылған оқ келге қалай әсер етті? Көл қайтті?

Көл

IV топқа: Жалғыз қалған аққудың қасіреті мен өлімі.

- 1) Аққудың сыңары қалай күңірінеді?(мәтіннен тауып оқыңдар.Өз сөздеріңмен баяндаңдар)
- 2) Зарлаған аққу мергенге не деп жалынды?
- 3) Мергеннің өзін атпасын білген аққу қандай шешімге келді?
- 4) Аққу өзінің өлімімен нені дәлелдеді?

Бір-бірін тоқтаусыз көру,
бірге болу

Бір-бірінсіз тірлік
ете алмайды

Сүю,
құрметтеу

Мәңгілік
махаббат

айырылмайды

Жан құбылысы

жанында болмаса,

қайғыру

Мақал-мәтелдер

1. Аққу –киелі құс.
2. Аққу –құстың сұлтаны.
3. Аққуды атпа, досыңды сатпа.
4. Аққуды атуға болмайды,
махаббатты қорлауға
болмайды.

Сабақтың қорытындысы

- Поэманың тақырыбы, идеясы неде?



Поэманың басты тақырыбы: мәңгілік махаббат.

- Поэманың басты идеясы: табиғатты қорғау керек.
- Сұлулықты бағалай білу керек.
- Аққу құс – мәңгілік махаббат иесі.

Үй тапсырмасы:

- а) мәтінді мәнерлеп оқы;
- ә) әр оқушы өзіне ұнаған сюжетін іріктеп жазып алып, оның мазмұнына сай сурет салып келу
- б) мәтін бойынша берілген актив сөздерді жаттау.